

<sup>1</sup>Донбаева А.Б., <sup>2</sup>Айдынқызы А.  
Туран-Астана университеті  
Қазақстан, Астана  
e-mail: <sup>1</sup>[tomik252007@gmail.com](mailto:tomik252007@gmail.com), <sup>2</sup>[77dana888@gmail.com](mailto:77dana888@gmail.com)

### **«COVID-19» ІНДЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

**Аңдатпа.** «Covid-19» індетіне қатысты жарияланған мақалалардың лингвистикалық сипаты қарастырылған. Мақалада індетке қатысты мақалалардың тілдік ерекшеліктері мен синтаксистік құрылымдардың қолданысы сараланады. Зерттеудің мақсаты - «Covid-19» індетіне қатысты пайда болған тілдік бірліктер мен медициналық терминдердің тілдегі көрінісін айқындау, індетке қатысты жарияланған мақалалардың стильдік ерекшеліктеріне талдау жасау. індетке қарсы күреске арналған публицистикалық мақалалар өзіндік стильдік сипаты және прагматикалық мақсаттарымен ерекшеленеді. Бұл аталған ерекшеліктердің қалыптасуына мақала стилінің ғана емес, мазмұны мен мағыналық жағының да ықпалы бар. Зерттеу барысында мәтіндегі сөйлемдердің синтаксистік құрылысына, стилистикалық құралдардың қолданысына талдау жасалды. Мақалада жүйелеу, жинақтау, стилистикалық талдау, тұжырымдау сияқты әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижелерін «Қазақ тілінің стилистикасы», «Тіл мәдениеті» пәндерді оқытуда пайдалануға болады.

**Тірек сөздер:** індет, мақала, синтаксистік құрылымдар, стиль, мәтін.

<sup>1</sup>Донбаева А.Б., <sup>2</sup>Айдыновна А.  
Университет Туран-Астана  
Қазақстан, Астана  
e-mail: <sup>1</sup>[tomik252007@gmail.com](mailto:tomik252007@gmail.com), <sup>2</sup>[77dana888@gmail.com](mailto:77dana888@gmail.com)

### **ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ОПУБЛИКОВАННЫХ СТАТЕЙ, КАСАЮЩИХСЯ ЭПИДЕМИИ «COVID-19»**

**Аннотация.** Рассмотрен лингвистический характер опубликованных статей, касающихся эпидемии «Covid-19». В статье анализируются языковые особенности статей, связанных с эпидемией, и использование синтаксических структур. Цель исследования - выявить в языке выражение языковых единиц и медицинских терминов, возникших в отношении эпидемии «Covid-19», проанализировать стилистические особенности опубликованных статей, связанных с эпидемией. публицистические статьи, посвященные борьбе с эпидемией, отличаются своим стилевым характером и прагматическими целями. На формирование этих особенностей влияет не только стиль статьи, но и содержание и смысловая сторона. В ходе исследования был проведен анализ синтаксического построения предложений в тексте, использования стилистических средств. В статье использованы такие методы, как систематизация, обобщение, стилистический анализ, формулирование. Результаты исследования могут быть использованы при изучении дисциплин «стистика казахского языка», «культура языка».

**Ключевые слова:** эпидемия, статья, синтаксистские структуры, стиль, текст.

<sup>1</sup>Donbaeva A.B., <sup>2</sup>Aidynovna A.  
Turan-Astana University  
Kazakhstan, Astana  
e-mail: <sup>1</sup>[tomik252007@gmail.com](mailto:tomik252007@gmail.com), <sup>2</sup>[77dana888@gmail.com](mailto:77dana888@gmail.com)

### **THE LINGUISTIC NATURE OF THE PUBLISHED ARTICLES RELATED TO THE COVID-19 EPIDEMIC**

**Abstract.** The linguistic nature of the published articles related to the covid-19 epidemic is considered. The article analyzes the linguistic features of articles related to the epidemic and the use of syntactic structures. The purpose of the study is to identify the language expression of language units and medical terms that have appeared in relation to the Covid - 19 epidemic, to analyze the stylistic features of published articles related to the epidemic. journalistic articles devoted to the fight against the epidemic are distinguished by their own stylistic character and pragmatic goals. The formation of these features is influenced not only by the style of the article, but also by the content and semantic side. In the course of the study, an analysis

of the syntactic construction of sentences in the text, the use of stylistic means was carried out. The article used such methods as systematization, compilation, stylistic analysis, formulation. The results of the study can be used in teaching the disciplines «stylistics of the Kazakh language», «language culture».

**Keywords:** epidemic, article, syntactic structures, style, text.

**Кіріспе.** Елімізде «COVID-19» індетіне қарсы күрес шараларын тек ақ халатты абзал жандар ғана жүргізген жоқ. Индетке қарсы күресте журналистер мен ғалымдардың, жазушылардың да қосқан зор үлестері болды. Нақты айтсақ, індетке қатысты мыңдаған ғылыми және басқа да ескерту нышандарға ие мақалалар жарық көрген. Ғалым Рәбиға Сыздықтың індетке қарсы күрес бағытында жарық көрген ғылыми жазбасын зерделесек, онда індетке қарсы ниетте жазылған мақалалар бірнеше томды құрауы мүмкін екендігі айтылған [1, 45]. Жалпы, ғаламды шарлаған індетке қарсы күреске арналған публицистикалық мақалалар өзіндік стильдік өзгешеліктері мен прагматикалық мақсаттарымен ерекшеленеді. Бұл аталған ерекшеліктер мақала стильдік түріне ғана емес, мазмұны мен мағыналық тұрпатына да ерекше әсерін тигізіп, мақала бағыттарының ғылыми, журналистік немесе ресми болуына және автордың жеке прагматикалық мақсаттарына байланысты болып құралады. Мұндай мақала мәтіндерінің функционалдық стильдері сыртқы оқиғалармен – стилистикада экстралингвистикалық факторлар деп аталатын жағдайлармен анықталады. Бұл факторлар прагматикалық көзқарастармен үйлесе отырып, мәтіннің ақпараттық және стильдік сипаттамаларын айқындайды. Индетке қарсы күреске шақырған мақалалардың семантикалық мәні, өзіндік жеке мазмұны оқырманға эмоционалдық және интеллектуалдық әсер етіп, олардың ойы мен сезімін, көзқарасын қалыптастырады. Аталған мақала мәтіндеріндегі стилистикалық тәсілдер көбінесе халықтың сақтығын күшейтуге және хабардарлықты арттыруға бағытталған. Сонымен індетке (Пандемияға) қатысты мақалалардың стильдік ерекшеліктері журналистік стильге тән эмоционалдық айқындылық пен фактологиялық баяндаумен айшықталады.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу барысында материалдарды жүйелеу, жинақтау, лингвистикалық талдау, стилистикалық талдау, тұжырымдау әдістері қолданылды.

**Негізгі бөлім.** Ғалым Рәбиға Сыздықтың айтуынша, қоғамдық маңызды оқиғалар кезіндегі публицистикалық стиль жоғары эмоционалдылықпен және шабыттандыратын тілмен өзгешеленген [1, 52].

Осыған ұқсас, пандемия кезіндегі мәтіндер сақтық пен қорғану тақырыптарын қамтып, қарама-қарсы мағыналарды пайдаланатын стилистикалық әдістерді қолданған. Шетелдік ғалым Г.В. Солганиктің пайымдауынша, публицистикалық стиль автордың тілдік және когнитивтік бірлігінен туындайды [2, 77]. Сондай-ақ, М. Серғалиев публицистикалық мәтіндердің «шебер журналист» және «жеке тұлға» рөлдерін теңгеретінін атап өтеді [3, 15]. Пандемия кезіндегі мақалалар объективті ақпарат пен субъективті эмоциялардың үйлесімін көрсете отырып, автордың әлеуметтік шындықпен тығыз байланысын бейнелейді. Мысалы, «Егемен Қазақстан» газетінде 2020 жылдың 27 қарашасында жарияланған «Бұл пандемия қауіпті» атты мақалада COVID-19-дың ғаламдық экономикаға және адамзатқа тигізген зияны талқыланып, публицистикалық стильдің нақты мысалы көрсетілген. Мұндай мақалалар экономикалық шығындар, жалпы әлеуметтік-экономикалық салдарлар жайлы терең талдаулармен ерекшеленеді. Публицистикалық стиль – функционалдық жанр ретінде індет-пандемия кезіндегі публицистикалық мәтіндерді ақпараттық, аналитикалық және көркем-публицистикалық жанрларға бөлуге болады. Ақпараттық жанрларға жаңалықтар мен сұхбаттар, аналитикалық жанрларға редакторлық мақалалар жатады. Ал көркем-публицистикалық жанрлар эссе мен очерктерді қамтып, экспрессивтік және эстетикалық элементтерді пайдаланған. Осы мақалалардағы публицистикалық стиль қазақ әдеби тілінің байытылуына елеулі үлес қосты. Сонымен қатар, бұл стиль кейбір дәстүрлі нормаларға қарсы келетін жаңа тілдік элементтерді де енгізді. Қорытындылай келе, пандемияға қатысты мақалалар публи-

цистикалық стильдің екі негізгі қызметін көрсетеді: эмоционалдық әсер ету және стандартталған ақпарат беру. Бұл мақала мәтіндердеріндегі берілетін ой қортындысы жеке автордың әлеуметтік белсенді тұлға ретіндегі рөлін, саяси және әлеуметтік шындықты өзіндік көзқараспен түсіндіретінін анық көрсетеді. Публицистикалық стильдің бейімделгіштігі мен эмоционалдық әсер ету қабілеті оны дағдарыс кезіндегі ақпарат таратуда маңызды құрал ретінде айқындайды.

Індетке қарсы жазылған мақалалар авторы публицистикалық стильде риториканың тәлімін, тәсілдерін, аргумент теориясын полемика, саяси-әлеуметтік әдіс-тәсілдің мәніне талдау жасау мәселесіне көңіл жігі көңіл бөлген. Нақты мысал ретінде 27 қараша 2020 жылғы «Егеменді Қазақстан» газетінің №230 (30959) кезекті санында жарияланған «Бұл індеттің сұрқы жаман» атты айдарда жарыққа шыққан мақаладан үзінді келтірсек: «Бұл індеттің беталысы жаман. Былтыр желтоқсан айында Қытай Халық Республикасының Ухань қаласынан шыққан коронавирус кеселі бүгінде төрткүл әлемге жайылды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл қатерлі дертке SARS-Cov-2, COVID-2019, 2019-nCoV деген атау бергені белілі. Аустралия ұлттық университетінің (ANU) ғалымдары көлденеңнен келген коронавирус кеселінің кесірінен әлем экономикасы 2,4 трлн доллардан 9 трлн долларға дейін құлдырауы мүмкін деген болжам жасап отыр. Америка Құрама Штаттары - 1,7 трлн доллар, ҚХР - 1,6 трлн доллар, Үндістан – 567 млрд доллар, Жапония 549 млрд доллар көлемінде зардап шекпек. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл қатерлі індет төрткүл әлемдегі 15 млн адамның өмірін қиып кететін көрінеді. Бүгінде көптеген өркениетті елдер коронавирусқа қарсы вакцина іздеу үстінде», - деп көрсетілген (Егеменді Қазақстан газеті). Аталған мақаланы сараласақ, онда публицистикалық стильдің субъективті-объективті мәнін анықтауда лингвостилистикалық ерекшеліктерін қалыптастыруда «автор» деген ұғымның атына да көп жағдайда қатыстылығы айқындалады. Сонымен қатар, хабар жеткізуші автор тарапынан «шығын» мен «қаржы» мәселесіне көп көңіл бөлгендіктен, өзінің ойы мен

сезімін қатар ұстап, ойшылдық, көрегенділік, бақылағыштық қасиеттерді қайта електен өткізетін өз құқығын нақты пікірмен ұштастыратын тұлға ретінде танылып отыр.

Сонымен, індет кезінде жарыққа шыққан мақалалардың публицистикалық стильінде авторлық «мен» стилі ерекше стильдік мәнермен оқшауланып, даралана басталғандығы айқын басымдылық танытады. Осы орайда мақалалар топтамасын келесі түрде публицистикалық стиль негізінде топтастырып, көрсете аламыз. Індет жайлаған кездегі мақалаларды: біріншіден, белгілі оқиғаларға негізделген деректеме, хабарлама жанры тұрғысында - деректемелер, интервью, рецензия жатқызамыз. Екіншіден, аналитикалық жанрлар ретінде - бас мақала, мақала т.б., ал көркем-публицистикалық жанрға очерк, фельетон, репортаж, эссе т.б. түрлерін ала аламыз[6].

Демек, мақалалардағы публицистикалық стильде қазақ ұлттық әдеби тілінің өзіндік орны бар деп айта аламыз. Өйткені, індет барысында жарыққа шыққан мақалалардағы публицистикалық стильдердің стилистикалық құрылысы ұлттық әдеби тілдің дамуы, баю, толығу үрдісіне негізделіп, сәйкестендірілген. Демек, аталған мақалалар ерекшелігі көркем әдебиет стилінен де озық тұруында болып танылады. Індет жылдары жиі қолданысқа түскен публицистикалық стильде көптеген жаңа сөз, сөз тіркестерінің қолданысқа түсіп, әдеби тілден берік орын алуы жиі кездескен [7]. Сонымен қабат, ұлттық әдеби тілдің дамуына кері ықпал ететін тілдік элементтер де кездесіп қалуы заңды құбылыс ретінде саналады. Ондай аталған ерекшеліктердің публицистикадағы стилистикалық нормасына кері әсерін қалдыру мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз.

Нақтырақ айтқанда, пандемия кезінде жарияланған мақалаларда ресми-публицистикалық стильде жазылған ақпараттық хабарламалар мен жаңалықтарда ұзақ әрі күрделі сөйлемдер мен ауыр түсіндірмелердің жиі кездесетіні жасырын емес. Осы тұрғыда біз публицистикалық мәтіннің екі негізгі функциясын атап өттік. Бұл екі негізгі функция публицистикалық стильдің мәтін құрылымындағы басты күрделілігі болып саналады. Олар: Эмоцияға негізделген

экспрессивті тіл; Сабырлықты білдіретін стандартты тіл. Осылайша, мақалалардағы публицистикалық стильдің стилистикалық қағидаттары айқындалып, публицистикалық мәтіннің өзіндік лингвостилистикалық ерекшеліктерін анықтауға болады. Публицистикалық стильдің ерекшелігі оның ақпараттық қызметінен, атап айтқанда, құжаттылық, ресми хабарлау, объективтілік, дәлелділік және сабырлылық сияқты функцияларынан анық көрінеді. Мысалы, пандемия кезінде жаңалықтар мен олардың берілу тәсілдері ерекше маңызды рөл атқарды. Бұқаралық ақпарат құралдары күнделікті оқиғалар туралы жаңалықтарды жариялап, «бүгін», «кеше», «ертең» деген сөздерді пайдалана отырып, оқиғаларды сипаттауға арналған нақты сөз тіркестерін саралады. Мысалы, пандемияға қатысты жаңалық оншақты жай сөйлемнен тұруы мүмкін. Мұндай хабарламаларда оқиғаның қашан, қалай, қайда болғаны нақты көрсетіліп, сұрақтарға жауап ретінде мезгіл, мекен және қимыл сипатын білдіретін мезгіл, мекен және қимыл-сын үстеулері қолданылады. Мысалы, «кеше», «бүгін», «ертең», «осында», «анда», «осы жерде», «қазір», «дәл осы уақытта», «жақында» сияқты сөздер қолданылады. Пандемия жылдары жарияланған мақалалардың басым бөлігі хабар таратуға тікелей байланысты болды. Мұндай хабарламалар оқиға нақты болған жерлерді айқын көрсетіп отырды. Мысалы, егер оқиға Алматы, Астана немесе Қарағанды қалаларында болса, ол қаланың атауы тек бір рет аталып, одан кейін жүргізуші оны бірнеше рет қайталамай, «біздің сүйікті қаламызда», «осы қалада», «біздің қалада» деген сияқты стильдік баламаларды қолдану арқылы алмастырып отырды. Аталған мақалаларда берілген арнайы хабарламаларда қолданылатын етістіктің барлық қимыл-әрекетіне қатысты шақтық, жақтық, райлық тұлғалары айқын көрініс тапқан. Кейбір жағдайларда хабарлар әр уақытта көптік формада айтылады, себебі автордың сырт жағында ұжымдық топ тұратындықтан, оның көпше түрінде берілуі стильдік заңдылыққа сәйкестену процесі қалыптасқанын байқатады. Хабардың айтылуы, көрсетілуі сан алуан тақырыпқа қатысты болып келеді, сондықтан онда экономикалық қарым-қатынасқа, мәдениет,

оқу-ағарту саласына, заң тіліне, әскер өміріне қатысты сөздер жиі кездеседі. Ол публицистикалық стильдің қоғамдық-саяси терминдерін құрайды, оның семантикалық-стильдік өзгеріске ұшырауы қоғамдық көзқарасқа тікелей тәуелді. Сонымен, індет жайлаған тұста жарыққа шыққан публицистикалық шығармалардың басым көпшілігі эмоционалды-экспрессивті сөздермен, көркемдік бейнелілік амал-тәсілдер арқылы прагматикалық мақсатпен жүзеге асырылған. Аталған ерекшеліктерді ғылыми негізде сараласақ, онда шетелдік ғалымдардың тұжырымдамаларын негізге аламыз. Мәселен, ғалым И.А. Вещикова: «..публицистикалық стильде жазылған шығармалардың бірі автордың баяндауына тікелей қатысты» [4, 58],- деп көрсетсе, зерттеуші Я.Г. Солганик: «Негізінде, мақала жанрындағы публицистикалық стиль қызметтік қолданысы - тілдік құралдарды жалпылама пайдалануға негізделеді» [3, 47],- деп, атап көрсеткен. Демек, індетті жылдары қолданыста болған, жарыққа шыққан публицистикалық стильдің жанр ретінде қабылданатын стиль түрі – хабарлау болып танылған. Бұл тұрғысында ғалым М. Серғалиев: «Көп қолданысқа түсетін публицистикалық жанрлардың тағы бір түрі – репортаж болып танылады. Бұл - француз тілінен шыққан мерзімді баспасөзде жарияланатын радио мен телеарналар арқылы берілетін оқиға туралы хабарлау ретінде ұғынылса, негізінен репортер – ағылшын сөзі екендігі ақиқат. Жалпы алғанда, БАҚ қызметкерлерінің елімізде болып жатқан әр оқиға мен құбылысты жедел жеткізу мәтіні репортаж болып беріледі, оған ресми баяндау, қысқа сұхбат, тарихи хронология жататындығын білеміз» [2,58], - дейді.

Осы тұрғыда кеңінен тоқталсақ, онда публицистикалық ақпарат жанрларының бірі сұхбат - ағылшын сөзінен шыққан «беседа» деген мағынаны түсінеміз. Қандай да бір оқыс жағдайлар болғанда, немесе белгілі бір тың жаңалықтар орын алған кезеңде көпшілік алдында белсенді адамдардың жаңалық таратушымен арасындағы жүргізетін мәліметтік, дерек алу мақсатындағы мәтін түрі болып табылады. Аталған сұхбат түрлері негізінен белгілі мақсатқа құралған сұрақ пен жауап түрінде болып келеді. Нақты айтатын

болсақ, онда аталған сұқбат түрлері берілетін сұраулар мен айтылатын жауаптар тұрғысында құралатын болады. Демек, диалогтік қатынас түрінде деп те айта аламыз. Аталған сұқбат барысында берілетін сұрау бағыттары негізіндегі сөйлемдер құрамында - сұраулы сөйлемдер, сұрақтың нақтылығы, сұрақтың маңыздылығы, сұрақ жаудыру сияқты сан түрлі сұраққа қатысты стильдік сұрақ процесі өрбиді де, сұқбат толықтай сұраулы сөйлемдерден де тұруы мүмкін. Аталған ерекшеліктер тұрғысында ғалым Рақыш Әмір: «Арнаулы сұқбаттар құрылымындағы кездесетін немесе қолданылатын сұраулы сөйлемдерді мағынасына қарай төрт топқа бөлеміз. Нақты айтсақ, онда сұқбат жанрында шешендік сұрауды сездіретін сұраулы сөйлемнің бұл түрі хабар ретінде айтылған пікірді білдіреді» [5, 57], - дейді. Мысалы, «Індетпен күрес» сұқбат бағдарламасында сұқбат алушы осы риторикалық сұрақтың әр түрлі стильдік сұрақ тәсілін жиі қолданады. Сұқбаттың монолог, хабарлама, суреттеме, сұқбатнама және ұжымдық деген түрлерінің болуына байланысты, публицистикалық стильде сұрақтың прагматикалық салмағы ерекше байқалып отырады. Індетті жылдары теледидар арқылы берілген публицистикалық стильдің ең көп тараған түрі «сұқбат» болса, оның хабарлама сұқбат, проблемалық сұқбат, сұқбат-сұқбатнама деген түрлері кездескен. Аталған сұқбаттың басты мақсаты белгілі сұрақ төңірегінде пікір алысу, сондықтан бір мәтінде сұрақтар түрі көп қойылатыны айқын. Бұл ашық жалпы сұрақты білдіретін сөйлемдер, ресми сұрақ түрлерін білдіретін сұраулы сөйлемдер (мұнда сұраулы сөйлемдердің ресмилігі басым болады)», - деп көрсетеді. Автор сұқбаттық әңгімеге қатысушы тұлғаны барлық қырынан көрсету үшін және өте толық тану үшін сан алуан сұрақтар қояды. Онда дерек алу, қоғамның әлеуметтік жағдайына сипаттама беру, жеке тұлғаның әлеуметтік жағдайын көрсету, психологиялық жай-күйін таныту, яғни танымдық, тәрбиелік, адамгершілік қағидалар туралы мәселелер көтеріледі, стилистикалық фреймдердің нәтижесінде сұрақ пен жауаптың ерекшеліктері нақтыланып, публицистикалық стильдің ерекше прагмастилистикалық мәнерін танытады.

Осы орайда, «Арнайы сұрау тәсілі» ауызекі сөйлеу тілінің «сұрақтарымен» ұқсас болып, автордың стильдік мәнері қалыптаспаған сәттері де байқалған. Мәселен, «*Не дедіңіз, солай дедіңіз, сосын не болды, өзіңіз де жаңағыны байқаған шығарсыз*» деген жанама сұраулар публицистикалық стильдегі мәтіннің оқиға барысының мәнеріне, мазмұнына, табиғилығына, көркемдігіне, ой жоғалтуына тікелей кері әсері болуы әбден мүмкін [6]. Нәтижесінде мәтін қолданысындағы публицистикалық стильдің әсемдігі жойылады, әсер ету сипаты ғана емес, хабар берудің шынай табиғаты бәсең тартады, стилистикалық норма қалпы да зардап шегеді. Қолданысқа түскен публицистикалық стильде көптік жалғауының стилистикалық қызметі көп байқалады. Көптік ұғымның бірден-бір грамматикалық көрсеткіші көптік жалғау болғанмен, оның әр түрлі тәсілдер арқылы жасалуының өзі қызметінің сипатына қарай семантикалық, стилистикалық мағынасының сан алуан қызметін көрсетеді. «Індеттің жалпылама сұрқы», «Індеттің жалпы бет-алысы», «Індеттің жалпы жайлап алуы», т.б. (теледидар хабарларынан). Публицистикалық стильдегі жазбаша мәтіндерде көптік категориясы жиі ұшырасады: «Індетке бой алдырғандар», «Індетті жұқтырғандар», «Індет жайлаған елдер», «Індетке ұшырғандар» (Егеменді Қазақстан газеті). Мұндай мақалалардың мағыналық негіздегі құрылымын егжей-тегжейлі қарастырсақ, онда мақалалар құрамындағы стильдік ерекшеліктер негізінде дискурс пен мәтін қоғамды ескерту және қорғауға бағытталған автордың ой-мақсатын көрсетеді. Бұл ерекшеліктер прагматикалық стилистика шеңберінде де толықтай қамтылған. Бұл аталған өзгешеліктер туралы зерттеуші Р. Сыздық: «Автордың ой белгісі – прагматиканың зерттеу нысаны. Автордың айқын немесе жасырын ниетін білдіру үшін стильдік тәсілдер таңдалады. Бұл стилистиканың зерттеу нысаны. Осы мәселелерді толық қарастыру прагмастилистиканың құзыретіне кіреді. Прагмастилистика автордың коммуникативтік ниетін, білімі мен прагматикалық мақсаттарын қолдана отырып, тілдік белгілерді таңдауын және өз шығармасының мазмұндық-ақпараттық және эстетикалық мағынасын

ашуын зерттейді» [1, 64], – деп атап өтеді. Осылайша, пандемияға арналған мақалаларда автор мен оқырман арасындағы байланысты қамтамасыз ететін ескерту және қорғауға бағытталған прагматикалық ой үздіксіз өзара әрекеттестік орнатады. Мұндай мақалалардың тақырыптары пандемиямен күресуші адамдардың психологиялық жағдайын, олардың әлеуметтік-саяси ахуалын, алғышарттары мен айтылған пікірлердің шынайылығын көрсетеді. Бұл стилистика ғылымы қазіргі гуманитарлық білімнің «интенсивтілік», «динамикалық интеграция» және «дифференциялық процестер» сияқты түрлі аспектілерін бейімдейтінін дәлелдейді. Адамзатқа үрей тудырған індет туралы жарыққа шыққан мақалалар мәтіндері негізінде семантикалық мағына түзілуі публицистикалық стильдің мазмұны мен құрылымын қалыптастыру ерекшеліктерімен тікелей байланысты екені айқын. Мұндай мақалалардың лексикалық қабаты қоғамдағы өзгерістерді, мәдениет трансформациясын, медицинаның дамуын, әлеуметтік топтардың көзқарастарындағы өзгерістерді, саяси тұрақсыздықты, экономикалық жағдайды және халықтың тұрмыс деңгейін көрсетеді. Бұл факторлар мәтіндердің стильдік ерекшеліктеріне айтарлықтай әсер етеді. Зерттеуші ғалым Р. Сыздық: «Мысалы, Қазан төңкерісі кезінде публицистикалық стильде жазылған шығармалар биік пафосқа, шабыттандыратын сөздерге толы болып, жағымды стильдік әсер тудырған» [1, 52], – деп атап өтеді. Індеттік алапат туындаған қиыншылық (Пандемия) кезеңінде публицистикалық стильде қорғаныс пен ескертуге байланысты сөздік қордың басым болуы, сондай-ақ мағыналық тұрғыда қарама-

қайшы сөздер мен сөз тіркестерінің пайда болуы ерекшелікке айналды. Бұл пандемияға қарсы күреске бағытталған ұлттық идеологияның тікелей және ауыспалы мағыналарды қамтыған лексико-семантикалық ерекшеліктерінің негізіне айналғанымен түсіндіріледі. Зерттеуші Г.В. Солганик: «Публицистикалық стильдің ерекшелігі – автордың тілдік және ойлау тәсілдерінің бірлігінде» [2, 77], – деп жазады. Ал ғалым Мырзатай Серғалиев: «Публицистикалық мәтін авторы көркем шығарма авторынан айырмашылығы, тек «журналистика шебері» ғана емес, «тұлға» болып табылады» [3, 15], – деп атап көрсетеді.

**Қорытынды.** Пандемия кезінде публицистика саласына да жаңа міндет жүктелді. Ендігі кезекте медиа әлемді алаңдатқан мәселелерге сараптамалық түсінік беріп, аудиторияны пандемия жағдайында өмір сүруге үйретуді өз миссиясының қатарына қосты. Пандемия туралы сенімді, нақты әрі қолжетімді ақпарат тарату вирус жұқтыру қаупін азайту, халықты әбігерге салатын дезинформациядан қорғау үшін маңызды. Қоғам үкіметтің пандемиямен күресу үшін не істеп жатқанынан хабардар болса, сенімі нығайып, институттармен өзара диалог орнатты.

Қорыта айтқанда, пандемия кезеңіндегі публицистикалық мәтіндер ақпаратты жеткізу мен қоғамдық пікірді қалыптастырудың маңызды құралы ретінде қызмет етті. Осы мақалалар публицистикалық стильдің ұлттық әдеби тілдің дамуындағы маңызды элемент ретіндегі бейімделгіштігін көрсетті.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Сыздық Р. Лингвистикалық стилистиканың түрлері мен бағыттары // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы. – 1999. – №31.
2. Серғалиев М. Көркем әдебиет стилі. – Алматы: Мектеп. -1995.
3. Солганик Г.Я. Стиль репортажа. – М.: Изд. Московского университета. -1970.
4. Вещикова И.А. Публицистический стиль как единица в системе функциональных разновидностей языка// Вестник МГУ. Серия: Филология. -1992. – № IX.
5. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері. – Алматы: Мектеп. -1977.
6. Қанабекова М. Публицистикалық стильдің функционалдық сипаты. [http://www.rusnauka.com/46\\_PWMN\\_2015/Philologia/7\\_204887.doc.htm](http://www.rusnauka.com/46_PWMN_2015/Philologia/7_204887.doc.htm)
7. Язык современной публицистики. Сборник статей /ред. Солганик Г.Я. –М, -2008. - 228 с.

**References:**

1. Syzдық R. Lingvistikalық stilistikanуң тырleri мен бағыттары // ҚазМУ habarshysy. Filologija serijasy. – 1999. – №31.
2. Serғaliev M. Kөrkem әdebiet stili. – Almaty: Mектеp. -1995.
3. Solganik G. Ja. Stil' reportazha. – M.: Izd. Moskovskogo universiteta. -1970.
4. Veshhikova I. A. Publicisticheskiy stil' kak edinica v sisteme funkcional'nyh raznovidnostej jazyka// Vestnik MGU. Serija: Filologija. -1992. – № III.
5. Әmirov R. Auyzeki sөjleu tiliniң ereksheликteri. – Almaty: Mектеp. -1977.
6. Қанabekova M. Publicistikalық stil'diң funkcionalдык sipaty. [http://www.rusnauka.com/46\\_PWMN\\_2015/Philologia/7\\_204887.doc.htm](http://www.rusnauka.com/46_PWMN_2015/Philologia/7_204887.doc.htm)
7. Jazyk sovremennoj publicistiki. Sbornik statej /red. Solganik G. Ja. –M, -2008. - 228 s.

**Автор туралы мәлімет:**

**Донбаева Айнур Бекетқызы**

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Тұран-Астана университеті  
Пошталық мекенжайы Z11D6H1 (010000), Қазақстан Республикасы, Астана  
Ұялы.тел: 87054899969  
email: [tomik252007@gmail.com](mailto:tomik252007@gmail.com)

**Сведения об авторе:**

**Донбаева Айнур Бекетовна**

Должность: Кандидат филологических наук, доцент, университет Туран-Астана  
Почтовый адрес: Z11D6H1 (010000), Республика Казахстан, Астана  
Сот.тел: 87054899969  
e-mail: [tomik252007@gmail.com](mailto:tomik252007@gmail.com)

**Information about the author:**

**Donbaeva Ainur Beketovna**

Position: Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Turan-Astana University  
Mailing address: Z11D6H1 (010000), Republic of Kazakhstan, Astana  
Mob.phone: 87054899969  
e-mail: [tomik252007@gmail.com](mailto:tomik252007@gmail.com)